

## Екібастұз қаласы Қоянды ауылдық округі Бесқауға ауылының көшесін қайта атау туралы

Павлодар облысы Екібастұз қаласы Қоянды ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 21 ақпандағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 наурызда № 5891 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Қоянды ауылдық округі Бесқауға ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2017 жылғы 25 қазандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Екібастұз қаласы Қоянды ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Екібастұз қаласы Қоянды ауылдық округі Бесқауға ауылының "Отделение № 2" көшесі "Достық" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қоянды ауылдық округінің әкімі*

*М. Ахметзянова*